



Шмакова Мария
дарынды балаларға арналған арнайы мектептің 10 сынып
оқушысы

Қазіргі таңда Қазақстанның бас қаласы болып Есіл өзенінің жағасына орналасқан, әдемі, биік ғимараттары, көз шағылыстылар субұрқақтары, жасыл көшелері, тарихи, ескерткіштері бар Астана қаласы болып отыр.

Астана – президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың төл баласы іспретті. Бас қаланы ауыстыруды ұсынған да Президентіміз еді. Себебі, Алматы жеріміздің шалғай шетіне орналасқан. Халықаралық жолдармен де байланысты аз болды. Ал Ақмола қаласы Еуразияның дәл кіндігі деуге болады. Яғни, осы қала арқылы Еуропа елдеріне, Шығыс елдерге шығуға қолайлы. Сондықтан да осы талаптардың бәріне сай келген Ақмоланы бас қала етуге шешім қабылданды. Бірақ Н.Ә.Назарбаевтың бұл ойына қарсы шығушылар да табылды. Олардың уәжі бойынша, еліміздің қыруар қаржысы желге ұшады десті. Осындай көп кедергіге қайыспай, өз дегенін жүзеге асырды. Әрине, қала жобасын өз күшімізбен ешуақытта жүзеге асыра алмас едік. Президентіміздің көрегендігі арқасында шет елдерден инвесторлар тартып, олардың біздің бас қаламыздың көтерілуіне атсалысуына жағдай жасадық.

Парламент депутаттары екі жарылды. Біреулері қолдады, екіншілері қарсы шықты. Дауысқа салғанда да, аз ғана қолмен жеңіске жетті. Жеңіске жеткенмен де, бас қаланы Ақмола орнына тұрғызуға кемінде 20-30 жыл керек болар деп топшылады. Ауқымды жұмыстар жүргізілді. Н.Ә.Назарбаев бар күшін, уақытын осы іске жұмсады. Сондықтан да Президентіміздің жеңісі, жемісі деуімізге болады. Сонымен, Президентіміздің ойы жүзеге асты. Арман - қала көз алдымызда. Жас қала болашаққа нық қадам басып келеді. Қазіргі Астанаға қарап оның жаңадан тұрып келе жатқан қала екені ойына кіріп те шықпайды. Бас қаламызды тұрғызу – мемлекетіміздің тарихын кітаптың жаңа бетіне түсірумен бірдей. Осы тарихты жазып бастаған да президентіміз – Н.Ә.Назарбаев.

Астана Еуразия құрылығының қақ ортасына орналасқандықтан, оны Еуразияның «Жүрегі» дейді. Астана – мемлекетіміздің «беті». Барлық Қазақстанға қатысы бар жиындар осы қалада өтеді. Қала өзінің қазіргі және ескі сәулет өнерін қатар қоюымен ерекшеленеді. Қазақ халқының салт-дәстүрі де тысқары қалдырылмаған.